

Э.Ғ.к Макенова Айгуль Акимжановна

e-mail: aigul.m.a@mail.ru тел.номері: +7 701 308 29 24

Юлдашева Айгерім Қайратқызы «Қаржы» мамандығының 2 курс магистранты,
Экономика және құқық институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті, Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: yu_ai26@mail.ru тел.номері: +7 747 241 63 74

Тақырыбы: Дағдарысқа қарсы басқару - кәсіпорынның экономикалық
қауіпсіздігін камтамасыз етудің негізі ретінде

Нарық қатынастарының қазіргі кезеңінде отандық фирмалардың көріп отырған қаржы тапшылықтарына қарамай-ақ, нарықтағы орындарын бекітуге, өз бизнесіне тұрақты нысан беруге деген талпынысын байқаймыз. Бұл шиеленіскен бәсеке жағдайында өміршеңдікке ұмтылуды қажет ететін уақыт талабы.

Дағдарыстық жағдайлар көптеген себептердің әсерінен пайда болады. Олардың ішінде, табиғат апаттарын, экологиялық, қаржы, азаматтық немесе құқықтық дағдарыстар атап айтылып жүр. Бұл тізімді ары қарай жалғастыруға болады, бірақ шет елдердегі, айрықша, біздің елдегі дағдарыстардың басты себебі-қанағаттанарлықсыз менеджмент. Қазіргі қазақстандық жағдайлар мамандарға дағдарыстардың түрлерін тәжірибеде зерттеуге мүмкіндік туғызады. Әр дағдарыстың өзіндік ерекшелігі бар болғандықтан, олармен күресудің бірдей жолы жоқ. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде дағдарыстарға дайын болу жағдайында қолданылатын іс-шаралардың қалыптасқан жүйесі бар. Ол жоспарлау құралдарының көмегімен жүзеге асады. Болуы мүмкін дағдарыстық құбылыстарды жоспарлау- сын сәтінде жасалатын қадамдардың механикалық бір ізділігін алдын ала анықтау және ұйымға тез әрі тиімді әрекет жасау үрдісін қамтиды.

Шарықпаған бәсекелестік жағдайында, нарықта өз орнын табу үшін уақыт талабы отандық экономикалық қызметте келесідей шешімдерде дұрыс жауап іздеуді талап етеді:

- шаруашылық механизмдерінің қызмет етуінің өзгеруі;
- басқару шешімдерін қабылдау шарттарының өзгеруі;
- жаңа жағдайлардағы кәсіпорынның стратегиясын жасау және жүзеге асыру;
- басқарудың жаңа мүмкіндіктерін белсенді пайдалану;
- шаруашылық жүргізуде барлық заңды әдістерді пайдалану.

Осы жағдайда дағдарысқа қарсы басқарудың концепциясын анықтап алу маңызды болып табылады. Осы мәселе бойынша зерттеулері бар көптеген авторлардың пікірі бойынша, дағдарысқа қарсы шараларды нарықта қызмет етуші кәсіпорынның қаржылық нәтижелері өте нашар болған жағдайда ғана пайдалану қажет. Бұл - теріс көзқарас, себебі басты мақсат дағдарыстың алдын-

алу болғандықтан, біздің ойымызша, дағдарысқа қарсы басқаруда ең бастысы - қаржылық қиындықтар тұрақты, күнделікті сипат алмайтын жағдайларды қамтамасыз ету.

Экономикалық әдебиеттерде дағдарысқа қарсы басқарудың көптеген анықтамалары бар.

Кейбір авторлар дағдарысқа қарсы басқарудың "нақты бір борышқор кәсіпорында қолданатын дағдарысқа қарсы нысандар мен әдістердің жиынтығы" деп түсінеді. Дағдарысқа қарсы басқару микроэкономикалық категория болып табылады және кәсіпорынның жойылуы мен қайта жандануы кезіндегі өндірістік қатынастарды қамтиды.

Профессор Э.М.Коротков былай жазады: "дағдарысқа қарсы басқару - дағдарысты алдын-ала көре білуге көзделген басқару, оның белгілерін, залалдарын азайту шаралары талдап, оны ары қарай дамуға пайдалану".

Келесі авторлар тобы дағдарысқа қарсы менеджментті қазіргі менеджменттің барлық әлеуетін пайдаланып, бизнестегі қолайсыз жағдайларды жою немесе алдын-алуға бағытталған кешенді, жүйелі басқару деп қарастырады. Олардың пікірінше, кәсіпорында арнайы бағдарлама жасалып, жүзеге асырылуы қажет, бағдарлама уақытша қиындықтарды жойып, өзіндік ресурстарды пайдалана отырып, нарықтық позицияны сақтауы қажет.

Батыс Еуропалық экономистер дағдарысқа қарсы басқару деп, "негізгі мәселе нарықта өз орнын сақтап қалу болатын, кәсіпорын қызметіне қауіп төндіретін жағдайдан өтуге қажетті қызметті" айтады. Бұл қызмет келесі түрде сипатталады: "кәсіпорынға қауіп төндіретін жағдайдан өту үшін қажетті әдістер мен тәсілдерді интенсивті қолдануды арттыру".

Бірақ та, Хаберландтың ойынша, барлық назар жедел, қысқа мерзімді мәселелерге, қатал және тез шешуші шаралармен байланысты мәселелерге ауады. Дағдарыстың еркін және оңтайлы жақтарын атап өткісі келетін авторлар, дағдарысқа қарсы басқаруды керісінше, "жақындап келе жатқан қиын кезеңді алдын-ала біліп, даму бағытын өзгертуге мүмкіндік береді деп анықтайды".

Қазақстандық экономист-ғалымдар дағдарысқа қарсы басқаруды - кәсіпорындағы базистік, өзгермелі шамаларды сақтап қалуға бағытталған шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру деп анықтайды.

Сонымен қатар, Қазақстанда қалыптасқан кейбір көзқарастарға сәйкес, дағдарысқа қарсы басқару банкроттығының функциясы немесе міндетті қосымшасы болып табылады.

Көптеген елдердегі нарықтық экономиканың қалыптасуы мен даму тарихы, оның қызмет ету үрдісінің бірқалыпсыздығын, өнім өндіру мен өткізу көлемінің ауытқуын, өндірістің төмен құлдырауларын ашып көрсетеді. Бұл - дағдарыстық жай деп қарастырылып, жалпы заңдылық болып табылады. Осы айтылған заңдылық кәсіпорынның өміршендік циклімен тығыз байланысты.

Отандық және шетелдік экономист-ғалымдардың зерттеулерін қорытындылай келе, біз "кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз

ету" түсінігіне дағдарысқа қарсы тұрғысынан тоқталуды ұйғардық.

Осы тұрғыдан алғанда, дағдарысқа қарсы басқару экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретінде, дағдарыс жағдайында ғана емес, кәсіпорын қызметінің даму жағдайында да қолданылатын шаралар ретінде көрінеді.

Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету төмендегі белгілермен сипатталады: экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі мақсаты кез келген экономикалық, саяси және әлеуметтік құбылуларда нарықта тұрақты бекіну және компанияның тұрақты қаржыларын қамтамасыз ету. Сәйкесінше ол әрі жоспарлы және жан-жақты міндеттерді шеше алуы керек; оның шеңберінде кәсіпорынның (тек уақытша қаржы қиындықтарын ғана емес) ағымдағы міндеттерін шешуге, ерекше жағдайларға сай келетін басқару құралдары қолданылады; экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәні - жағдайларға байланысты әр түрлі іс-әрекеттерді ескеретін, сыртқы ортада болған шамалы өзгерістерге жедел немесе пәрменді әсер ету үшін, алдын-ала дайындалған басқару шешімдерінің балама нұсқалары; экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізінде - кәсіпорынның іс-әрекетінің барлық салалары мен бөлімшелерінде үнемі және тізбектей жаңашылдықтар енгізу үрдісі; экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кәсіпорын қандай қиын шаруашылық жағдайға тап болмасын, бұл қиындықтардан кәсіпорынды ең аз шығындармен шығара алатын, қаржылық және басқару механизмдерін іске қосуға негізделеді.

Кәсіпорындағы дағдарысқа қарсы басқару механизмі келесі негізгі элементтерден тұруы мүмкін:

1. Қаржы жағдайының диагностикасы;
2. Кәсіпорынның бизнесін бағалау;
3. Маркетинг;
4. Ұйымдастырушы - өндірістік менеджмент;
5. Персоналды басқару;
6. Қаржылық менеджмент;
7. Инвестициялық саясат;
8. Дағдарысқа қарсы бизнес-жоспарлау;
9. Бизнесреинжиниринг үрдісі;
10. Кәсіпорынның таратылуын ұйымдастыру.

Осылайша, кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмін қалыптастыру мәселесі тәжірибелік жағынан өте қиын және әдістемелік жағынан толықтыруды талап етеді. Ол, біздің экономикалық өндірістік нақты сектордың дамуын анықтайтын өзекті мәселе болып отыр.